

## Уран материалының импорты туралы

### *Күшіні жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 тамыздағы N 1191 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы  
N 406 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406  
Қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстар мен қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" ЖАҚ), "Үлбі металлургия зауыты" ААҚ-мы, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" ЖАҚ және "Ньюкем Нюклеа ГмбХ" арасындағы уран материалын сату мен сатып алуға арналған 2000 жылғы 28 наурыздағы нөмірсіз келісім-шартының ережелеріне сәйкес (СЭҚ ТН коды 284420290, 284410390) Қазақстан Республикасына байытылған, табиғи және азайтылған уран түріндегі уран материалын әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі көрсетілген өнімнің импортына заңнамада белгіленген тәртіппен  
**лицензия берсін.**

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті жоғарыда аталған өнімнің кедендік ресімделуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне  
**жүктелсін.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*